

"Еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғаның немесе кәсіби аурудың нәтижесінде зардап шеккен қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Қаулысы 1999 жылғы 3 тамыз N 17/2

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Төраға Ю.А.Ким, Кеңес мүшелері Н.І.Өкеев, Ж.Д.Бұсырманов, А.Есенжанов, А.К.Котов және В.Д.Шопин қатысқан құрамда, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы және "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар Жарлығының 25-бабы негізінде, өтініш субъектісінің өкілі - Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік-құқықтық бөлімінің бас сарапшысы К.К.Әлжановтың және Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі мен Сенатының депутаттары А.М.Әміржанова мен А.В.Белоглазовтың қатысуымен өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Президентінің "Еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғаның немесе кәсіби аурудың нәтижесінде зардап шеккен қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі жөніндегі өтінішін қарады.

Баяндамашы - Конституциялық Кеңестің мүшесі А.К.Котовты, отырыс қатысушыларының сөздерін тыңдап және қолда бар материалдарды зерделеп, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны анықтады:

1999 жылғы 26 шілдеде Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне Қазақстан Республикасының Парламенті 1999 жылғы 8 шілдеде қабылдаған "Еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғаның немесе кәсіби аурудың нәтижесінде зардап шеккен қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі жөніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің өтініші келіп түсті.

Конституциялық Кеңес аталған Заңды сараптау үстінде оның жекелеген ережелерінің мағынасында Қазақстан Республикасы Конституциясы нормаларының талаптарынан мынадай алшақтаулар бар екенін тапты.

Мәселен, "Еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғаның немесе

кәсіби аурудың нәтижесінде зардап шеккен қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасында Қазақстан Республикасының Үкіметі "сақтандыру өтемдерін төлеуден бас тарту негіздемелерін белгілейді" делінген.

Конституцияның 61-бабының 3-тармағына сай Парламент жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, жеке және заңды тұлғалардың міндеттемелері мен жауапкершілігіне қатысты нормаларды заңдар түрінде шығаруға тиіс.

Сақтандыру өтемдерін төлеуден бас тарту негіздемелерін белгілеудің мағынасы сақтандырушы жауапкершілігінің шектерін нормативті белгілеу және еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде зардап шеккен қызметкердің өтеу төлемдерін талап етіп алуға құқықтық мүмкіншіліктерінің шегін баянды ету болып табылады. Басқаша айтқанда, міндетті сақтандырудың бұл түріндегі қоғамдық қатынастарды реттеудің негізгі принциптері мен нормалары белгіленеді. Бұл құқықты Үкіметке бере отырып, қарастырылып отырған Заңның 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасы жеке тұлғалардың құқық қабілеттілігін заңға тәуелді актілермен шектейтін уәкілеттікті атқарушы өкімет органына заңсыз беріп отыр.

Қазақстан Республикасында жеке тұлғалардың әрекет қабілеттілігін азаматтық-құқықтық қатынастардың баршасында, және сақтандыру қатынастарында әсіресе, заңдық актілермен көзделген реттер мен тәртіп бойынша болмаса, шектеуге немесе айыруға жол берілмеуі сондай-ақ Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің жалпы бөлімінің 18-бабында және ерекше бөлімінің 839-бабында белгіленген.

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" 1999 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 9-бабы 9) тармақшасында Республика Үкіметінің сақтандыру өтемдерін төлеуден бас тарту негіздемелерін белгілеу мәселелерін шешу бойынша емес, әлеуметтік сақтандырудың жүйесі мен шарттарын белгілеудегі құзыреті баянды етіледі.

Сонымен, Қазақстан Республикасының Үкіметіне еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғаның немесе кәсіби аурудың салдарынан зардап шеккен қызметкерлерге сақтандыру өтемдерін төлеуден бас тарту негіздемелерін белгілеу құқығын беретін "Еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғаның немесе кәсіби аурудың салдарынан зардап шеккен қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасы конституциялық емес болып табылады, себебі Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 3-тармағы 1) тармақшасының ережелеріне қайшы келеді және "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 9-бабы 9) тармақшасының нормасын беталды кеңейтеді.

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етті:

1. "Еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғаның немесе кәсіби аурудың салдарынан зардап шеккен қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 9-бап 1-тармақ б) тармақшаның ережесі бөлігінде конституциялық емес деп танылсын.

2. Соған байланысты, "Еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғаның немесе кәсіби аурудың салдарынан зардап шеккен қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен бір мезгілде, яғни 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап, әрекетке енгізілуі көзде тұтылған оған ілеспе "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қол қойылуға жатпайды.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабы 3-тармағына сәйкес

осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабының 4-тармағында көзделген реттерді ескеріп, түпкілікті болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің
Төрағасы

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Нарбаев Е.Ә.